

ИНВЕСТИЦИЈАЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ

ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАҒА ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАР

NPV – жобаның таза ағымды дисконтталған (келтірілген) құны (**NPV – net present value**). Егер:

NPV > 0 жобаны жүзеге асыруға болады, жоба тиімді

NPV < 0 жобаны жүзеге асыруға болмайды, жоба тиімсіз

NPV = 0 жоба пайдалы да зиянды емес.

Дисконтталған құнды алу үшін **дисконттау коэффициенті** қолданылады

$$K_d = 1/(1+r)^n, \quad (1)$$

мұнда **r** – дисконт қойылымы, ал **n** – кезең бойынша жыл саны.

Таза келтірілген (дисконтталған) құн NPV келесі түрде анықталады,

$$NPV = \sum_{t=1}^n \frac{P}{(1+r)^t} - IC \quad (2)$$

P- ақшалай түсімдер

IC – инвестиция, күрделі қаржы

t- уақыт

Мысалы 1:

Инвестициялық жобаның көрсеткіштері бойынша таза келтірілген құнды NPV есепте. Инвестиция IC = 18000\$; ағымдық түсімдер: P1= 12000\$, P2=14000\$; дисконттық қойылым r=8% болса.

Шешуі: Жоба түсімдері екі жылға берілген.

$$NPV = 12000/(1+0.08)^1 + 14000/(1+0.08)^2 - 18000 = 5113,85$$

NPV > 0 жоба тиімді немесе жоба қабылданады деп қорытындылаймыз.

Мысалы 2:

Инвестициялық жобаның көрсеткіштері бойынша 2 жылдағы инвестициялық жобаның таза келтірілген құнын есепте. (IC = 22000\$; P1= 12000\$; P2=14000\$; дисконттық мөлшерлемесі 10% болса.)

$$Шешуі: NPV = (12\ 000/(1+0,1)^1 + 14\ 000/(1+0,1)^2) - 22\ 000 = 479,3388 \$$$

NPV > 0 жоба қабылданады

Инвестициялық жобаның өтелу мерзімі - бұл инвестициялық шығындарды өтеу үшін қажетті жылдар саны.

$$T_{ок} = \text{Инвестиция} / \text{Пайда} \quad (3)$$

Инвестиция рентабельділігі анықталады

$$R = \text{Таза табыс} / \text{Инвестиция} * 100\% \quad (4)$$

Пайыздық қойылым тәсілдері:

Ақшаның болашақтағы өспелі құндарын келесі формулалармен есептейміз:

а) жай пайыздық қойылым әдісі $FV = PV(1 + n \times r)$ (5)

FV - Ақшаның болашақтағы өспелі құны

PV – ақшаның қазіргі уақыттағы құны

n – уақыт кезеңі;

r – пайыздық қойылым, %

б) күрделі пайыздық қойылым әдісі: $FV = PV(1 + r)^n$ (6)

Мысалы: Ағымдағы құны 500 000\$, екі жылдан кейінгі өспелі құнды қарапайым есептеу әдісімен анықта. Пайыздық қойылымы 20%.

Шешуі: $FV = PV(1 + n \times r)$
 $FV = 500000(1 + 2 \times 0,2)$
 $FV = 700$ мың \$

Келесі инвестициялық жобалар түрлері қарастырылады:

Альтернативті жобалар – тиімділік көрсеткіштері арқылы талдау жүргізіліп, өзара салыстырылатын, және ең тиімдісіне таңдау жасауға мүмкіндік беретін жобалар жиыны.

Тәуелсіз жобалар – жүзеге асуы дербес жүрілетін, пайда алу мақсатындағы күрделі қаржы жұмсалған жобалар.

Өзара байланысты жобалар – бір инвестициялық жобаның орындалуы келесі бір жобаны жүзеге асыру арқылы болатын, бір-біріне тәуелді жобалар.